

ЖШС «ӘСЕТ-ӘЛИ» бөбекжай балабақшасының педагогикалық кеңес отырысының

Хаттама №1

26.08.2022жыл

Қатысқандар саны -15

Күн тәртібінде:

Тақырыбы: «Бөбекжай бақшаның жаңа оқу жылына дайындығы»

- 1.Балалармен жазғы сауықтыру кезеңі туралы есеп
- 2.Балабақшаның оқу жылындағы мақсат міндеттері мен таныстыру Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасымен таныстыру. «Step by Step» инновациялық әдістемесі бойынша топтарда орталықтарда оқу қызметіне ендіру «Балдырған» тобыны эксперимент ретінде жыл бойында бақылау ,инновациялық әдіс тәсілдерді түсіндіру. Жас мамандарға жұмыс тізімін бекіту.
- 3.Бөбекжай бақшаның жаңа оқу жылына дайындығы сараптамасы
- 4.2022-2023 оқу жылының жылдық жоспарын бекіту,күн тәртібін,оқу қызметінің кестесін бекіту.
- 5.Үздік топ- 2022-2023 ж
- 6.Біз біргеміз.(тренинг)

Бүгінгі педкеңесті менгеруші Ш. Абдиева ашып берді жаңа оқу жылымен құттықтап, күн тәртібімен таныстырды.

1. 2021-2022 оқу жылының жазғы с ауықтырудың шаралар есебі.

Мейрбике А.Кулжаенова есеп берді.

Бөбекжай балабақшадағы тәрбиешілердің басты міндетімен таныстырды. Балалардың қимыл белсенділігін арттыру және жалаң аяқ жүру. Ауа, су, күн шуағын қабылдау ықшам киім , ертеңгілік жаттығу ауадағы дене шынықтыру, серуендеу шаралары бәріде баланың шынығып шымыр болуына ықпалын тигізеді.

Денсаулықты нығайту мақсатында түрлі спорттық іс-шаралар ұйымдастырылды. Мыс. «Дарабоз» ойын сауықтыру шарасы өте қызықты өтті . Ертегілер еліне саяхат балалардың қызығушылығын арттыра алды. Құм терапиясында балалар құммен түрлі түсті суреттер, мұнаралар жасап ойын ойнады. Нептун мерекесін өте қызықты етіп атап өтті

Сөз соңында жазғы сауықтыру шараларының слайд арқылы тамашалап қортынды есеп беріп шықты.

Тындалды. Әдіскер Б. Турлыбекова 2022-2023 оқу жылының мақсаттары мен міндеттерімен таныстырып шықты.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасымен таныстыру.

«Step by Step» инновациялық әдістемесі бойынша топтарда орталықтарда оқу қызметіне ендіру «Бәйтерек», «Балауса» топтрын эксперимент ретінде жыл бойында бақылау, инновациялық әдіс тәсілдерді түсіндіру.

Жас мамандарға жұмыс тізімін бекіту.

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасымен жұмыс жасауымыз керек.

2. «Step by Step» инновациялық әдістемесі бойынша балаларды ерте жастан әлеуметтік дамуымен өз бетінше үйренудағдыларын дамыту, топтарда орталықтарды оқу қызметін ендіру және «Балдырған» тобын эксперимент ретінде жыл бойында бақылауда болса деген ұсынысым бар.

3. «Бала тілін жан-жақты дамыту, көркем әдебиет арқылы, ұлттық құндылықтарды қалыптастыру, әдеби шығармаларға қызығушылығын арттыру» мақсатында жұмыс жасауымыз керек.

4. «Рухани жаңғыру» бағдарлама аясында жалпы идеясына негізделген жалпы адамзаттық құндылықтарға ұлт жандылық төлерандылыққа баулу.

Толеранттылық дегеніміз не?

Уикипедия — ашық энциклопедиясынан алынған мәлімет

Толеранттылық (лат. *tolerantia* — төзімділік, көнбістік) — басқа ойға, көзқарасқа, наным-сенімге, іс-әрекетке, әдет-ғұрыпқа, сезім-күйге, идеяларға төзімділік, жұмсақтық көрсете білу қасиеті. Толеранттылық — адам құқығы мен бостандығы, плюрализммен қатар негізі демократиялық принциптердің бірі болып есептеледі. Толеранттылық — қоғамның жалпы және саяси мәдениетінің деңгейінің көрсеткіші

Топтардағы құжаттарды рәсімдеу бойынша әдістемелік көмек, Жаңа бағдарламаларды енгізу бойынша кеңестер, Оқу қызметінің дайындық бойынша кеңестер, Оқу қызметіне және күн тәртібіндегі сәттерге өзара қатысу, Ата-аналармен жұмыс жүргізу бойынша кеңестер берілді. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты

Циклограммада балалардың жас ерекшеліктері ескеріліп, өтпелі тақырыптарға сәйкес әрбір режимдік сәттің ұзақтығы анықталады.

Циклограммаға сәйкес күн тәртібі балаларды қабылдаудан басталады. Қабылдау кезінде педагог баланың денсаулығы және психологиялық жағдайы туралы ата-аналармен әңгіме жүргізеді.

Балалардың денсаулығын нығайту және сергек көңіл-күйге бөлеу мақсатында таңертеңгі гимнастика өткізіледі.

Таңғы астың алдында балалар қолдарын жуады, орындарына отырады. Педагог балалардың дұрыс отыруын, тамақты дұрыс ішуін, тамақтану құралдарын және майлықты қолдануын қадағалайды.

Жас мамандар арналаған жоспар жасалды. тәлімгерлер жас мамандарға көмек беруде.

Топтардағы құжаттарды рәсімдеу бойынша әдістемелік көмек, Жаңа бағдарламаларды енгізу бойынша кеңестер, Оқу іс-әрекеттерінің дайындық бойынша кеңестер, Оқу іс-әрекеттеріне және күн тәртібіндегі сәттерге өзара қатысу, Ата-аналармен жұмыс жүргізу бойынша кеңестер.

3. Бөбекжай бақшаның жаңа оқу жылына дайындығы сараптамасы бойынша Әдіскер Б. Турлыбекова . Жаңа оқу жылына дайындығымыз жақсы, номенклатура бойынша құжаттар дайын. Тәрбиешілер топтан топқа бекітілді.

Сөз жарысқа тәрбиешілер Ахметова Н, Нышанбаева Н шықты.

Жаңа оқу жылымен құттықтады. Оқу жылын жақсы көңіл күймен бастайтындарын және оқу жылына дайын екенін айтты. Күн тәртібі, оқу қызметінің кестелерін жас ерекшелігіне сай жоспарланғанын айтты балалармен жақсы жұмыс жасап барлық білімді бойларын сіңдіретінін айтты.

4. 2022-2023 оқу жылының жылдық жоспарын бекіту, күн тәртібін, оқу қызметінің кестесін бекіту.

Сөз алды меңгеруші Ш. Абдиева балабақша күн тәртібімен танысып шықты, қатаң түрде күн тәртібін бұзбау керек екенін тапсырды. Оқу іс-әрекеттерін талқылап жас ерекшелігін сай және берілген стандарттан ауытқымауын әдіскерге тапсырмалар берді. Және балалармен тығыз байланыс орнату керек екенін айтып өтті.

Мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығын қамтамасыз ету, мектепке дейінгі білім беруге сәтті дайындалу үшін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына өзгерістер енгізіледі:

Балаларды ерте дамыту бағдарламасында даму дағдылары қарастырылған;

Топ атаулары

- Ерте жастағы топ (1жастан-2 жасқа дейін)
- I,II, III- кіші топтар (2 жастан 3 жасқа дейін)
- I, II, III-Ортаңғы топтар (3 жастан 4 жасқа дейін)
- I, II, III-Ересектер тобы ((4 жастан 5жасқа дейін)
- I ,II, III- МАД топтары (5 жастан 6 жасқа дейін)

Ұйымдастырылған оқу қызметтері барлық топтарда Үлгілік және Перспективалық жоспарларға сәйкес өткізіледі.

Перспективалық жоспарды өтпелі тақырыптар негізінде оқу жылының әрбір айына тәрбиеші және музыка жетекшісі, медбике және т.б.) құрастырады, әдіскермен келісіледі және мектепке дейінгі ұйым басшысы бекітеді.

Перспективалық жоспар балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқытудың білім беру, дамытушылық, тәрбиелік міндеттерін орындауды қарастырады.

Педагог білім беру процесінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында Перспективалық жоспарға, өтпелі тақырыптарға сәйкес балаларды қабылдаудан бастап, ұйымдастырылған оқу қызметін, серуен және балалардың үйге қайтуына дейінгі барлық күн тәртібінің сәттерін орындауды қамтитын Циклограмма құрастыру керек.

Циклограмма – бұл балалармен алдағы табысты жұмыстың түрін, мазмұнын, әдістері мен тәсілдерін таңдау және жұмыс уақытын тиімді пайдалану тәртібі.

Циклограмманы жоспарлауға қойылатын талаптар:

- ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінің тақырыптары Перспективалық жоспарға сәйкес анықталады;
- өтпелі тақырыптың мазмұнына сәйкес бағдарламалық материалды бөлуде жүйелілік пен бірізділік ұстанымын сақтау;
- Бағдарлама мазмұнына сәйкес балалардың сапалы және толыққанды дамуы үшін жағдайларды қамтамасыз ету;
- балаларды тәрбиелеу мен оқытуды қамтамасыз ететін инновациялық технологиялар, әдістер мен тәсілдерді қолдану;
- циклограмманың құрылымдық бөлімдерін сапалы жоспарлау үшін заттық-дамытушы ортаны қалыптастыру.

5. Біз біргеміз.(тренинг) Психолог Г. Мамбеталиева

Мақсаты: Педагогикалық ұжымды ынтымақтастыруға қарым қатынас дағдысын дамытуға өз-өзіне деген сенімділігін ,дағымды қатынасты арттыруға көңіл күйлерін көтеругет бағытталған.

Педагогтардың көңіл күйін көтеріп,жаттығу жасатты. «Өзін-өзі бағалау» дене қыздыру жаттығуы.

Мақсаты: Шаршағандықты басу,психологиялық және коммуникативтік жайлылықты жасау,әріптестерінедеген қызығушылығын ояту.

Тапсырма берілді.

Сөз алды меңгеруші Ш. Абдиева жаңа оқу жылын жақсылықпен бастауын жақсы көңіл күй сыйлайтынын,балаларға барлық білім мен тәрбиені береді деп сенетінін айтып пед кеңеске шешім шығарды.

Күн тәртібіндегі қаралған мәселелерге қорытынды шешім қабылданды:

- 1.Балалармен жазғы сауықтыру кезеңі туралы есебі қанағаттанарлық
- 2.Балабақшаның оқу жылындағы мақсат міндеттерімен жұмыстар жүргізілсін.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасымен таныстыру. «Step by Step» инновациялық әдістемесі бойынша топтарда орталықтарда оқу қызметіне ендіру «Балауса», «Бәйтерек» топтары эксперимент ретінде жыл бойында бақылауды тапсырамын.

3. Бөбекжай бақшаның жаңа оқу жылына дайындығы сараптамасы қанағаттанарлық.

4. 2022-2023 оқу жылының жылдық жоспарын бекіту, күн тәртібін, оқу қызметінің кестесін бекітілсін.

5. Үздік топ- 2022-2023ж байқауы жариялансын.

6. Біз біргеміз.(тренинг) қанағаттанарлық.

ББ меңгерушісі

Хатшы



Ш. Абдиева

Б. Турлыбекова

**ЖШС «ӘСЕТ-ӘЛІ» бөбекжай балабақшасының педагогикалық
кеңес отырысының**

Хаттама №2

25.09.2022жыл

Қатысқандар саны -15

Күн тәртібінде:

Тақырыбы: «Топтарда ашық оқу іс-әрекеттерін өткізу»

1. Барлық топтарда ашық оқу іс-әрекеттерін өткізу туралы.
2. Қарапайым зерттеу әрекеті арқылы балалардың экологиялық білімдерін жетілдіру.
3. Балаларды қоршаған ортаны аялауға тәрбиелеу.
4. Пед. кеңестің шешімі.

1. **Сөз алды: Бөбекжай балабақша меңгерушісі Ш. Абдиева өткен педкеңестің шешімі туралы қортынды жасалды. Кемшіліктермен ұсыныстарды талқылап кемшіліктер жойылғаны туралы қорытынды берілді. Педагогикалық кеңес күн тәртібімен таныстырып шықты.**

1. Қазіргі таңда ата-ана мен тәрбиеші арасындағы ортақ мәселе – жас ұрпақтың тәрбиесі екені баршамызға мәлім. Әлбетте, ата-ана үшін бала – өмір жалғасы, көздің нұры, үміт күткен шырағы, келешек қызық көрсетер болашағы болса, тәрбиеші үшін еңбегінің нәрлі жемісі болып табылады. «Балалар — біздің болашағымыз», – деп жиі айтып жатамыз. Болашағымыздың мықты, сапалы болуы үшін балаларды кішкентай шағынан ерекше күтіп, тәрбиелеу керек.

Мектепке дейінгі орталықтардағы кезең баланың болашақтағы ересектік шағына дайындық болып табылады. Балабақшада бала сурет салу, жабыстыру, құрастыру сынды іс-әрекеттерді меңгереді. Бүлдіршіндердің бақшада алған білімдері мектепке барған шағында қабылдау, зейін, қиял, ойлау сынды қасиеттерінің дамуына оң ықпалын тигізеді. Тәрбиешілердің берген білімі арқылы бүлдіршіндердің қоршаған дүние туралы түсініктері кеңейеді, олар өз мүмкіндіктерін тани бастайды. Балабақшаға барған баланың ата-аналары да бірнеше артықшылықтарға ие болады. Жұмыстарына барып, жеке шаруаларын жасауына уақыт табылады.

Балабақшада балалармен өткізілетін математиканың алғашқы ұғымдарын қалыптастыру іс — әрекетінде ойынның мынадай түрлерін пайдалануға болады:

- Дидактикалық ойындар – логикалық ойлауын, математикалық қабілеттерін дамыту.
- Санға байланысты — санамақ, жаңылтпаштар, жұмбақтар – балалардың сандарды танып білуін, тілдерін жаттықтыру, есте сақтауын, ойлау қабілеттерін дамыту.
- Математикалық сергіту сәттері – кеңістікті бағдарлау, қимыл қозғалысты дамыту.

Балабақшада ашық оқу іс-әрекеттерді өткізу балалардың дамуына пайдасы көп. Сондықтан барлық топтар күз мезгілін қорытындылау мақсатында ашық іс-әрекеттерін өткізу керек. Әр топ жас ерекшелігіне қарай ашық іс-әрекеттер

29.11-02.12.2022 ж аралығында өткізілсін.

2. Сөз кезегін балабақша әдіскері Б. Турлыбекова алды.

Мектепке дейінгі ұйымдарда экологиялық тәрбие жұмысын ұйымдастыруға ұсынылатын материалдарда балалардың жас ерекшеліктерін, психологиялық физиологиялық қабылдау мүмкіндіктерін ескеріп, оны тәрбие процесінде тиімді пайдаланған дұрыс. Балалардың отбасында өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне деген қызығушылығы, оларды сырттай бақылауы, өсімдіктерді басып-жаншып сындырмау, өзен-көл суларын ластамау, қоршаған ортада тазалық сақтау сияқты адамға ғана тән табиғат қорғау іс-әрекеттерінің ата-аналардың ықпалымен жүргізілуі балалық шақтан дағдыға айналып, күнделікті өмірде орындауға тиісті міндеттерге айналуына мүмкіндік туғызады.

Балаға табиғаттың негізгі ерекшеліктерін, әр жыл мезгіліне байланысты қоршаған ортада, өсімдіктер мен жануарлар әлемінде болып жататын сан алуан өзгерістер мен құбылыстарды көрсету, сезіндіру, байқату барысында баланы дамыту мақсаты көзделеді. Тіпті, балалармен жүргізілетін барлық педагогикалық процестер, ақыл-ойын, тілін дамытуда пайдаланылатын ойындар, жұмбақ- мысалдар, әңгімелер, қолданылатын көрнекі құралдар мен ойыншықтар болсын, бәрі-бәрі табиғаттың жемісі екендігін ғалымдар әрқашан мойындаған,- деп «Қарапайым зерттеу әрекеті арқылы балалардың экологиялық білімдерін жетілдіру» жайлы түсініктеме беріп өтті.

Тәрбиеші Г. Тагаева да «Қарапайым зерттеу әрекеті арқылы балалардың экологиялық білімдерін жетілдіру» тақырыбында өз ойын ортаға салды.

Балаға табиғат туралы ұғым беру ісін екі теорияға бөліп қарады, біріншісі — карапайым, яғни балаға білім арнайы оқытусыз күнделікті ойын, еңбек іс-әрекеттерінде бақылау арқылы жүргізіледі. Екіншісі — балаға күрделі ұғым тек арнайы ұйымдастырылған оқыту үрдісінде, сабақ кезінде ғана беріледі және екеуі де бір-бірімен байланысты жүргізілуі керек. Бұлайша берілген білім нақты жүйелендірілген, бала ұғымына сай келетін табиғат құбылыстарының ерекшеліктерін, жыл мезгілдеріне байланысты адамдар өмірінде болатын өзгерістер мен олардың іс-әрекеті жайында, шынайы түсінікті қамтыған жағдайда ғана нәтижелі болады деп көрсеткен [1].

«Умственное воспита- ние детей в процессе ознакомления с природой» атты еңбегінде Н.Ф. Виноградова баланың ақыл- ойын, тілін дамыту мәселесіне өте үлкен мән берген. Ол мектеп жасына дейінгі баланың ойының және тілінің дамуы қоршаған ортаны табиғатты қабылдауына, бала тілінің жетілгендігі ақыл-ойдың даму нәтижесінен туындайды және тіл мен ой байланысты деген. Сондықтан да балабақшада тіл да- мыту ісін табиғатпен таныстырумен байланыстырып бақылау, серуен, топсеруен кездерінде жүзеге асыруды ұсынды

3. «Балаларды қоршаған ортаны аялауға тәрбиелеу» тақырыбы бойынша сөз кезегін тәрбиеші Ұ. Балқыбеова алды.

Әр баланың санасына барлық тірі табиғатқа, айналадағы қоғамға деген құметті жеткізе білу қажет. Сондықтан балаларды жаңа экологиялық санамен тәрбиелейміз.

Қай тәрбиені алсақ та, экологиялық, адамгершілік не болмаса эстетикалық тәрбиені, ол ойлау және әрекетті тудыратын, жүректен шығатын жүрек тәрбиесі болуы қажет.

«Балалық шақ жылдары – бұл бірінші кезекте жүректі тәрбиелеу» – деп жазған В. Сухомлинский.

Табиғатқа деген сезім жоқ болса, мектепке дейінгілерді экологиялық тәрбиелеу мүмкін емес.

Күнделікті балабақшада біз балаларды айналадағы әлемді қабылдауға, табиғатты сезінуге және түсінуге, оны қадірлеуге, табиғатқа деген қатыгездікпен күресуге үйретудеміз.

Экологиялық білімнің тиімділігін арттыру үшін түрлі әдістер мен өнегелер: экологиядан сабақтар, экскурсиялар, зерттеулер, әңгімелер, мейірімділік сабақтарын, экологиялық байқаулар, экологиялық мерекелер, ойындар, экологиялық ертегілер және т. б. қолданамыз.

Сонымен қатар, балалар мен жұмыс жасау кезінде табиғат туралы мақал-мәтелдерді, ертегілерді колданамын. Олардың мазмұны танымдық материалдан тұрады, балаларды айналадағы ортаға қарауды, байқауға үйретеді.

Тақырып бойынша тәрбиеші Ж. Көпбаева жалғастырды.

Тәрбиеші міндеті – балалардың санасына барлығымыз біртұтас, және де әрқайсысымыз Жер үшін жауапты, әр сәтте оның әдемілігін сақтау және үстемелеу қажеттілігін жеткізу.

Сондықтан біз балаларға табиғатты қадірлеуге, сүйуге үйрету керекпіз. Ал ол үшін бар мүмкіндікті: жануарларға деген жақмы қарым-қатынасты мысал арқылы көрсету, ұдайы түрде балаларды жарқын сәттермен байытуды жасау қажет.

4. Сөз алды меңгеруші Ш. Абдиева тәрбиешілерге сәттілік тілеп, балаларды тәрбиелеу барысында шаршамай-шалдықпай жұмыс істеуге шақырды. Барлық білім мен тәрбиені береді деп сенетінін айтып пед кеңеске шешім шығарды.

Күн тәртібіндегі қаралған мәселелерге қорытынды шешім қабылданды:

1. Барлық топтарда ашық оқу іс-әрекеттерін өткізуді тапсырамын.
2. Қарапайым зерттеу әрекеті арқылы балалардың экологиялық білімдерін жетілдіру әдістері қолданылсын.
3. Балаларды қоршаған ортаны аялауға тәрбиелеу жұмыстары жүргізілсін.

Б\бақша меңгерушісі:

Хатшы:



Ш. Абдиева

Б. Турлыбекова

ЖШС «ӘСЕТ-ӘЛІН» бөбекжай балабақшасының педагогикалық
кеңес отырысының

Хаттама №3

23.12.2023 ж

Қатысқандар саны-15

Күн тәртібінде:

Тақырыбы: «Театр әрекеті арқылы балалардың тілдерін дамыту»

1. Алдыңғы педкеңестің шешімін орындалуы.
2. Театр әрекетінің психологиялық-педагогикалық мәні.
3. Театрландырылған қойылымдар арқылы балалардың тілің дамыту.
4. « Балалармен жұмыс барысында театр қызметінің пайдалану»
5. Ертегі ойдан шығару.
6. Шешім талқылау және қабылдау.

1. Сөз алды: Бөбекжай бақша меңгерушісі Ш. Абдиева өткен педкеңестің шешімі туралы қорытынды жасалды. Кемшіліктермен ұсыныстарды талқылап кемшіліктер жойылғаны туралы қорытынды берілді. Педагогикалық кеңес күн тәртібімен таныстырып шықты. Н. Назарбаевтың «Қазіргі заман талабына сай жан-жақты бойында ұлттық сана мен ұлттық психология қалыптасқан, имандылық әдебі, парасатты ұрпақ тәрбиелеу, өсіру білім беру бүгінгі таңда отбасының бала-бақшаның, барша елдің халықтың міндеті»-екенін еске салды.

2. Тыңдалды: Тәрбиеші Зулпухарова Б. Театр әрекетінің психологиялық-педагогикалық мәні. Театр-балаларға арналған ең қол жетімді және демократиялық өнердің бір түрі және ол: Балалардың шығармашылық тұрғыда дамуына;

-Адамгершілік тәрбиесіне –психологиялық жағынан тұлғаның коммуникативтік қабілеттерінің (ауызша және ауызша емес тілдесудің түрлеріне оқыту) дамуына;

-Ерік жігерін тәрбиелеуге,зейінін,елестете білуін,бастамашылдығын,қиялын тілін(диалог және монолог) дамытуға;

-Оң эмоциялық көңіл-күй құруына,шаршағанды басуына ,даулы жағдаяттарды ойын арқылы шешуге ықпал етеді. Басқалардың жетістіктеріне қуана білу және бөтеннің қайғысына ортақтаса білу үшін ,өзін ойша сол адамның орнына қоя білу қажет.

3.Тыңдалды: Әдіскер Турлыбекова Б. «Театрландырылған қойылымдар арқылы балалардың тілін дамыту». Баяндама оқыды.

Мақсаты: Театрландырылған қойылымдар арқылы мектепке дейінгі жастағы балалардың тілін дамыту, байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, өмірлік оң көзқарастарын тәрбиелеу.

Міндеттері:

- театрландырылған қойылымдар арқылы балалар тілін дамыту;
- сөздік қорларын байыту;
- ауызша сөйлегенде дыбыстарды анық айтуға үйрету;
- кейіпкерлердің іс-әрекеттері мен дауыс ырғақтарын сәйкестендіре дұрыс сөйлеуге баулу;
- байланыстырып сөйлеуге дағдыландыра отырып, шығарма барысын, мазмұнын ұғынуға, рөлдерді түсініп ойнауға үйрету;

Сөз жарысқа тәрбиеші Н.Ахметова Балалардың театр өнеріне деген қызушылығын дамуға және сахнаның мәнерлік құралдарын игеруге бағытталады; театр өнері түрлерімен (саусақ, қуыршақ, көлеңке, үстел үсті театры) жұмысының тәсілімен кеңірек таныстырады. Тек метінмен таныстыруды ғана қамтып қоймай, вербалды және вербалды емес менерлік құралдары: Ым, ишара, қимыл, дикцияны игеруді де қарастырады. Театрландырылған әрекет адамгершілік және эстетикалық тәрбие міндеттерін кешенді түрде шешуге , эмоци оналдық асланы байытуға, сөйлеуді белсендіруге және мінез құлықтағы ауытқуларды түзетуге мүмкіндік береді; Балалар қоршаған ортадағы қызықты идеяларды байқауға, орлрды іске асыруға , кейіпкердің өзіндік көркем бейнесін құруға үйренеді, олардың шығармашылық қиялы, салыстырмалы ойлау, күнделікті өмірден ерекшені көре білуді дамиды; Балалар театрға өнер түрі ретінде қызуғушылық танытады.

5 «Ертегі ойдан шығару» (психологиялық тренинг) Психолог Г. Мамбеталиева

Мақсаты: Тәрбиешілердің психологиялық көңіл күйлерін көтеру, өздеріне құрметпен қарауға баулу, ұжымда сыйластық қарым-қатынас орнату және шығармашылық қабілетін арттыру;

Күн тәртібіндегі қаралған мәселелерге қорытынды шешім қабылданды:

1. Алдыңғы педкеңестің шешімін орындалуы қанағаттанарлық .
2. Театр әрекетін балалармен бірлесе қойылымдар қойысын.
3. Театрландырылған қойылымдар арқылы балалардың тілің дамытуарқылы жұмыстар жүргізілсін.
4. « Балалармен жұмыс барысында театр қызметінің пайдалану» баяндамасына 4 деген баға қойылсын.
5. Ертегі ойдан шығару тренинг қанағаттанарлық.

Бабакша меңгерушісі:

Хатшы:



Ш .Абдиева

Б. Турлыбекова

«Әсет-Әли» бөбекжай балабақшасының педагогикалық кеңес

отырысының

№4 Хаттамасы

16.03.2023 жыл

Қатысқандар саны -15

Күн тәртібінде:

Тақырыбы: «Балалардың дене бітімінің жан-жақты дамуы»

1. Өткен педкеңестің шешімдерінің орындалуы туралы қорытынды.
2. Бөбекжай бақшада балалардың дене бітімін дамуы туралы.
3. Аурудың алдын-алу.2022-2023 оқу жылы балалардың ауырып қалуы бойынша талдау.
4. Балабақшадағы дене шынықтыру және сауықтыру жұмыстары.
5. Серуен кезіндегі балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігін ұйымдастыру тақырыбындағы тақырыптық тексеру қорытындысы.
6. Ата-аналармен сауалнама нәтижесі.
7. Педкеңес қорытындысы, шешім қабылдау.

1. Сөз алды: Бөбекжай балабақша меңгерушісі **Б. Турлыбекова** өткен педкеңестің шешімі туралы қорытынды жасалды. Кемшіліктермен ұсыныстарды талқылап кемшіліктер жойылғаны туралы қорытынды берілді. Педагогикалық кеңес күн тәртібімен таныстырып шықты.

2.Тәрбиеші: Балқыбекова Ұлданай бөбекжай балабақшада балалардың дене бітімін дамуын баяндап берді.

XXI-ғасыр білімділер ғасыры болғандықтан бүгінгі таңда заманымызға сай зерделі, ой-өрісі жоғары, жан-жақты дамыған ұрпақ қалыптастыру мемлекетіміздің алға қойған аса маңызды міндеті болып тұр. Тәрбие мен білімнің алғашқы дәні - мектепке дейінгі тәрбие ошағында беріледі. Отбасында ата-ананың ықыласы мен мейірімімен нәр алған бала балабақшада тәрбиешілердің шұғылалы шуағы бөленеді. Баланың бойындағы жақсы қасиеттер мен мүмкіндіктерді ашып, олардың өнегелі де тәрбиелі болып тәрбиеленуіне балабақшаның маңызы зор. Баланың бақытты болуы үшін, дененің сау болуы үшін үлкен қамқорлық жасауымыз керек. Дені сау баланың ақыл-ойы айқын, өз-өзіне сенімді, жан-жағына қуанышпен шаттана қарайтындай болуы шарт. Бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс дене құрылысының дұрыс жетілуі мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады. Сондықтан, бала организмінің қызметін жетілдіру, қабілетін арттыру ең басты міндетіміз. Сондай-ақ баланың қозғалысын жетілдіру, қимыл-дағдыларын және дененің икемділігін, шапшаңдық, күштілік, төзімділік сияқты қасиеттерін қалыптастыруға тұрмыста және дене тәрбиесі оқу іс-

әрекеттерінде қажетті жеке және қоғамдық гигиена дағдыларын дамытуға баса назар аударылады. Дене тәрбиесі балалардың ақыл-ой, адамгершілік, еңбек және эстетикалық жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға, олардың сергек, шат көңілді және белсенді болуларына мүмкіндік тудырады. Дене жаттығуы-дене тәрбиесінің негізгі және ерекше құралы, ол педагогтың арнайы іріктеп алған, әдістемелік дұрыс ұйымдастырылған және басқаруға болатын қозғалыс пен қозғалыс қызметінің күрделі түрлерін қамтиды. Дене жаттығуы еркінді сипаттағы белсенді қимыл-әрекеттеріне негізделген. Дене жаттығуы баланың жан-жақты жетілуіне ықпал етеді. Дене тәрбиесінің негізгі мазмұны денені жаттықтыру болып табылады. Ол мынадай түрлерге бөлінеді. Балабақшаға таңертеңгі келген уақыттан бастап күн тәртібі бойынша сауықтыру шараларын (Таңғы жаттығу, қимылдық ойындар, сергіту сәттері, серуен кезіндегі спорттық ойындар мен жаттығулар, спорттық мерекелер, ойын-сауықтар) өткізуге тиіспіз. Дене шынықтыру оқу іс-әрекеті балаларды қимылға үйретудің негізгі қалыбы болып табылады. Негұрлым ерте жатып, уақытымен таңертеңгілік тамағын ішіп, серуенге шығып ойнаған, жылы сөз, мақтау естіген, спортпен шұғылданған, шыныққан бала әрқашан да ауруға төтеп беретін, жігерлі, ақылды болып өседі. Бала денсаулығы жақсы, шыныққан, көңіл-күйінің жоғары, ынталы болуы үлкендерге, яғни ата-ана, тәрбиешіге, қоршаған ортаға байланысты. Іс әрекеті, технологияны ертеңгілі бойжазу. Сөз соңында Н.Назарбаевтың «Қазіргі заман талабына сай, жан-жақты жетілген бойында ұлттық сана мен ұлттық психология қалыптасқан, имандылық әдебі, парасаты бар ұрпақ тәрбиелеу, өсіру, білім беру бүгінгі таңда отбасының балабақшасының, барша елдің, халықтың міндеті» екені еске саламын.

3.Бөбекжай балабақша дәмбикесі Ш. Нукридинова.

Аурудың алдын –алу. 2022-2023 оқу жылы балалардың ауырып қалуы бойынша талдап есеп берді.

4.Тыңдалды: Тәрбиеші Ахметова. Н.

«Дене шынықтыру және сауықтыру жұмыстары» туралы айтып өтті.

Балалар ауруларын төмендетуге мүмкіндіктер жасау үшін педагогтардың кәсіби-шеберліктерін өрлету және де ата-аналармен ынтымақтаса отырып, шынықтыруды кешенді, спорттық сайыстар ұйымдастыру.

Бұл іс-шаралар барлық білім салаларымен байланыстырып, әрекеттестіріп жалпы «Денсаулық сақтау технологиялары» деп аталады.

Баланың тұлғалық ерекшелігін ескере күш-қайраттарын қалыптастыру және денсаулығын шынықтыруды жүзеге асыру. Бұл міндеттерге, тек шынықтыру шараларының кешенді түрде өткізгенде ғана нәтижеге қол жеткізді, яғни балабақшадағы баланың болған бір күні - оның ағзасына пайдалы дәрумендерді енгізіп асмәзірін түрлендіріп, оны балаға жеткізу, қарапайым шынықтыру мен қатар арнайы жоспарланған шараларды, қимыл-әрекеті үйлесімді ұйымдастырылады. Дені сау баламен шынықтыруды жүйелі жүргізу, оның теріс эмоциясын (үрей, жылау, мазасыздық) тудырмайтын және біртіндеп үдетіп, ұзартылып, медбике мен педагогтың қатаң қадағалауында болуы қажет.

Оқу тәрбие үрдісін бала денсаулығына жүктеме болмайтындай, керісінше оны нығайтуға көмектесетіндей етіп ұйымдастыру керек. Балабақшаның жұмыс ерекшелігін ескере отырып, бала денсаулығын нығайту мәселелері, мектепалды балалардың физикалық дамуы – мектепке дейінгі мекеменің жұмысының негізгі бағыты болып табылады. Біз балалардың дене шынықтыру және сауықтыру жұмыстарын ата анамен бірге өткізу міндетіміз.

5. Тыңдалды: Әдіскер Турлыбекова Б. Серуен кезіндегі балалардың қимыл қозғалыс белсенділігін ұйымдастыру». Баяндама оқыды

6. Сөз жарысқа Топ тәрбиешілері Пышанбаева Н шықты.

Барлық топ тәрбиешілері ата аналармен "Балалардың денсаулығын нығайтамыз" деген сауалнама жүргіздік. Ата-аналар белсенді өз ойларын жақсы жеткізе алды.

Білім мен тәрбие беру саласының алғашқы сатысы балабақшаларда дене тәрбиесі маңызды орын алады. Балалардың денсаулығын нығайтуға бағытталған. Оларда түрлі жарыстар, әр бағыттағы спорттық ойындар жиі жүргізіліп тұрады. Күнделікті ертеңгілік балалармен дене шынықтыру жаттығулары жасалады. Балабақшада ата – аналардың қатысуымен түрлі спорттық жарыстар өткізіліп тұрады. Спорттық жарыстар мен түрлі ойын – сауықтар балалардың ой санасының қалыптасуына, өзін еркін ұстап және жан – жақты жетілуіне әсер етеді. Дене тәрбиесіне байланысты балабақшада ата - аналарға жыл басында «Дене тәрбиесі мен Отбасы тәрбиесі» тақырыбында сауалнамалар таратылады. Сонымен қатар «Қыс қызығы», «Шынықсаң шымыр боларсың!» сияқты апталықтар өткізілді.

Күн тәртібіндегі қаралған мәселелерге қорытынды шешім қабылданды:

1. Өткен пекенестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық
2. Бөбекжай бақшада балалардың дене бітімін дамуы қадағалансын.
3. Аурудың алдын-алу. 2022-2023 оқу жылы балалардың ауырып қалуы бойынша талдауы қанағаттанарлық.
4. Балабақшадағы дене шынықтыру және сауықтыру жұмыстары жас ерекшелігіне сай жасалынсын.
5. Серуен кезіндегі балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігін ұйымдастыру тақырыбындағы тақырыптық тексеру қорытындысы орташа.
6. Ата-аналармен сауалнама нәтижесі қанағаттанарлық.

БББ меңгерушісі



Б. Турлыбекова

ЖШС «Әсет-Әли» бөбекжай балабақшасының педагогикалық

кеңес отырысының

Хаттама №5

25.05.2023 жыл

Қатысқандар саны -12

Күн тәртібінде:

- 1.Өткен педкеңестің шешімдерінің орындалуы туралы қорытынды.
- 2.Тәрбиешілердің шығармашылық есебі
3. ҚР Мемлекеттік стандартының орындалысы бойынша тәрбиешілердің есебі.
4. Жылдық жоспардың бойыншы орындалуы мониторинг нәтижелерінің қорытындылары
- 5.Үздік топ- 2023 ж
6. Жазғы сауықтыру жоспарын бекіту.

Сөз алды: Бөбекжай бақша меңгерушісі Б. Турлыбекова өткен педкеңес тің шешімі туралы қорытынды жасалды. Кемшіліктермен ұсыныстарды талқылап кемшіліктер жойылғаны туралы қорытынды берілді. Педагогикалық кеңес күн тәртібімен таныстырып шықты.

- 1. Бөбекжай бақша тәрбиешілерінің шығармашылық есебін әдіскер Б. Турлыбекова баяндап берді.**

12 топ тәрбиешілері жыл бойында атқарылған жұмыстары туралы есебін берді. Мерекелік іс-шараларды өз деңгейінде өткізіп отырды, балалардың киімдері мен өлең шумақтарын жаттатып, белсене атсалысты. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметін жылына өткізді, білім саласын қамтып бөлімдерін қамтылып, жоғары деңгейде жоспарлады.

Балабақшамыздың наурыз тойына арнап мерекелік іс-шара берілді. Қонақтар шақырылып сый құрмет көрсетілді. Балалар бақшаға қызығушылықпен келді. Таңғы жаттығу, серуен кездері дер кезінде орындалып отырды. Топтар берілген шығармашылық тақырыптарын қорғап шықты.

- 2. ҚР Мемлекеттік стандартының орындалысы бойынша тәрбиешілердің есебі. Тыңдалды: Әдіскер Б. Турлыбекова**

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты үлгілік оқу жоспары бойынша жұмыс жасайды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны білім саласын қамтиды. Білім беру салаларының мазмұны ұйымдастырылған оқу қызметі, балалардың өзіндік іс –әрекеті және ересек адам мен баланың бірлескен іс –әрекеті арқылы іске асырылады.

Тәрбиешілер баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды толықанды физикалық дамуын, халықтық салт дәстүрді негізінде салауатты өмір салтының құндылықтарын қалыптастыруды қамтамасыз етілуде. Стандарт талаптарын толыққанды орындап отырды оқу қызметінің кестесі жоспарға сай . Шығармашылық жұмыс, балалармен жұмыс, оқу қызметінен тыс балалардың қызығушылығы бойынша жұмыс жасайды. Білім саласы бойынша мақсаты міндеті жас сатысындағы оқу жүктемесі санитарлық гигиеналық нормалар мен ережелерге сәйкес келеді.

3. Жылдық жоспарды орындалуы бойынша мониторинг нәтижелерінің қорытындылары. Әдіскер Б. Турлыбеова

Жылдық жоспар баланың жас ерекшелігіне жоспарланған үлгілік бағдарлама әдістемелік бағдарламасы аясында жұмыстар жүргізілді. Индикатор –баланың даму көрсеткіші,құзіреттілік—мектеп жасына дейінгі баланың тәрбие дамуы,білім деңгейі қалыптасқан жеке басының қасиеттері Білім нәтижесінің типі.

Балалар білім білік деңгейі:

Төменгі деңгей -10%

Орташа деңгей -53%

Жоғары деңгей-36%

Жалпы 99% пайыз орындалды. Жыл бойы балалардың жас ерекшелігіне сәйкес дамыту бағдарламалық материалдарды оқыған және дамудың оң динамикасын көрсетті.

Балалардың ойлау қабілетіне көп мән беру керек.Тәрбиешілерге айтар ұсынысым: Ойын арқылы баланы дамытып отыруымыз керек.

Сөз жарысқа тәрбиеші М. Зулпухарова сөз алды. Балалардың сөзді әріпті көп бала дұрыс айта алмайды психолог жұмыс жасаса деген ұсынысым бар.

4. «Үздік топ» -2023 жыл топтар арасындағы безендіру жұмыстары бойынша қорытынды нәтижесіне сәйкес топтар талапқа сай безендірілмеді келесі оқу жылына қалдырылды.

4. Бөбекжай бақша меңгерушісі Б. Турлыбекова балабақшаның 2022-2023 оқу жылының жазғы сауықтыру 3 айлық жоспарын , күн тәртібін, оқу қызметінің кестесін бекітті.

Күн тәртібіндегі қаралған мәселелерге қорытынды шешім қабылданды:

1. Өткен педкеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық.
2. Тәрбиешілердің шығармашылық есебіне 4 баға қойылсын.
3. ҚР Мемлекеттік стандартының талаптары орындалған.
4. Жылдық жоспардың бойыншы орындалуы мониторинг нәтижелері қанағаттанарлық.
5. Үздік топ- 2023-24 жылдар қайта байқау жариялансын.
6. Жазғы сауықтыру жоспармен жұмыс жасалынсын.

Б/Б меңгерушісі



Б. Турлыбекова